



БҰЙРЫҚ
29.08.2025
Қазығұрт е.м

ПРИКАЗ
46
с.Казыгурт

«Ішкі тәртіп ережесін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 28 тамыздағы №227 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидаларына сәйкес, білім алушылар мен педагогикалық ұжым арасында ішкі тәртіпті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу, мектептің қауіпсіз және жағымды тәрбие-оқу ортасын қалыптастыру мақсатында, Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР «Білім туралы» заңы, ҚР баланың құқықтары туралы конвенция, ҚР Еңбек қауіпсіздігі, «Мұғалім мәртебесі» заңы мен «Педагогикалық әдеп» ережесін және Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназия коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназия коммуналдық мемлекеттік мекемесінің **ішкі тәртіп қағидалары** ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 28 тамыздағы №227 бұйрығы негізінде жаңартылып, бекітілсін.
2. Мектептің ішкі тәртіп қағидалары білім алушыларға, педагогтерге, техникалық қызметкерлерге, ата-аналарға міндетті түрде таныстырылып, қолхат арқылы қабылдансын.
3. Ішкі тәртіп ережелерінде келесі мәселелер нақты көрсетілсін:
сабаққа қатысу тәртібі; мектеп формасына қойылатын талаптар; тыйым салынған заттар (телефон, электронды құрылғы және т.б.); әдептілік нормалары, мектеп мүлкін сақтау, педагогтің мәртебесіне құрмет көрсету тәртібі, қауіпсіздік талаптары.
4. Сынып жетекшілерге:
– барлық оқушылар мен ата-аналарды жаңа ішкі тәртіп қағидаларымен таныстыру;
– тәртіпті бұзған оқушылар туралы деректерді тіркеу және алдын алу шараларын жүргізу тапсырылсын.
5. Мектеп психологы мен әлеуметтік педагогқа оқушылардың мінез-құлқына байланысты профилактикалық жұмыстар жүргізу жүктелсін.
6. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Ұ.Нұрмағанбетова, Б.Оразбаева, Г.Ш.Шеровалар бекітілген ішкі тәртіп ережесін мектеп мұғалімдері мен қызметкерлеріне таныстырсын.
7. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ж.Жантасов, Ұ.Досалиевалар бекітілген ішкі тәртіп ережесімен мектеп оқушылары мен ата-аналарына таныстырсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау және басшылық жасауды өзіме қалдырамын.

Мектеп-гимназия директоры *С.М.Каримов*

